

**Қазақстан Республикасы Экология және биоресурстар министрлігінің  
Гидрометеорология және табиғи орта мониторингі жөніндегі агенттігі туралы  
ережені бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 5 тамыздағы N 1216.  
Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.07.07. N 646 Қаулысымен

"Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының құрылымын одан әрі жетілдіру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 4 наурыздағы N 3377 U973377\_ Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулы етеді:

Ұсынылып отырған:

Қазақстан Республикасы Экология және биоресурстар министрлігінің Гидрометеорология және табиғи орта мониторингі жөніндегі агенттігі туралы ереже;

Қазақстан Республикасы Экология және биоресурстар министрлігінің Гидрометеорология және табиғи орта мониторингі жөніндегі агенттігінің карауындағы ұйымдардың тізбесі бекітілсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1997 жылғы 5 тамыздағы  
N 1216 қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасы Экология және биоресурстар министрлігінің Гидрометеорология және табиғи орта мониторингі жөніндегі агенттігі (Экобиоресурсминінің Гидрометеорология жөніндегі агенттігі) туралы

**ЕРЕЖЕ**

**I. Жалпы ережелер**

1. Қазақстан Республикасы Экология және биоресурстар министрлігінің Гидрометеорология және табиғи орта мониторингі жөніндегі агенттігі (бұдан әрі - Агенттік) гидрометеорология және табиғи орта мониторингі саласындағы мемлекеттік басқарушы орган болып табылады.

Агенттік гидрометеорология және табиғи орта мониторингі саласындағы мемлекеттік басқаруды дербес жүзеге асырады, мемлекеттік органдардың, Қазақстан Республикасының Экономика салаларының және халықтық ауа райы, климат, нақты гидрометеорологиялық жағдай мен табиғи ортаның жай-күйі және олардағы күтілетін өзгерістер мен осы өзгерістердің себептері туралы, сондай-ақ табиғи ортаның ластануының жай-күйі туралы ақпаратқа деген қажеттілігін қанағаттандырады. Агенттік осы саланың одан әрі дамуына жауап береді, салааралық үйлестіруді және мемлекеттік басқарудың көмекші саласына басшылықты жүзеге асырады.

Агенттіктің өз құзыретінің шегінде қабылданған шешімдері, барлық органдардың, ұйымдардың, лауазымды адамдар мен азаматтардың орындауы үшін міндетті.

2. Агенттік өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілерін, өзге де нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ Ережені басшылыққа алады.

3. Агенттік пен оның құрылымдық бөлімшелерін қаржыландыру және материалдық-техникалық қамтамасыз ету республикалық бюджетте көзделген қаржының есебінен жүзеге асырылады.

Агенттік аппаратын ұстауға кететін шығыстарды қаржыландыру республикалық бюджетте Экология және биоресурстар министрлігін ұстауға көзделген қаржы есебінен жүзеге асырылады.

4. Агенттіктің құрылымын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітсін.

5. Агенттіктің штат санын Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрі белгілейді.

6. Агенттік дербес заңды тұлға болып табылады, оның банктерде шоттары Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және өз атауы қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөрі болады.

II. Негізгі міндеттері, функциялары мен құқықтары

7. Агенттіктің негізгі міндеттері мыналар болып табылады: республикада гидрометеорология және табиғи орта мониторингі саласында бірыңғай ғылыми-техникалық саясат жүргізу;

мемлекеттік органдарға, бұқаралық ақпарат құралдарына, республиканың шаруашылық кешені ұйымдары мен кәсіпорындарына және басқа да тұтынушыларға гидрометеорологиялық ақпарат және ауа райы, табиғи ортаның жай-күйі туралы деректер беру. Бюджет қаржысы есебінен республика ұйымдарына тегін берілетін ақпараттардың тізбесі мен көлемін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді;

гидрометеорологиялық зілзала құбылыстарының ықтималдығы туралы е с к е р т у ;

халықаралық аэронавигацияны және Қазақстан Республикасының ішіндегі  
авиа тасымалын метеоқамтамасыз ету;

мемлекеттік гидрометеорологиялық жүйелер мен табиғи ортаның жай-күйін  
бақылау пункттерін ұстау және дамыту;

ауа райының метеорологиялық, гидрологиялық және агрометеорологиялық,  
қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді болжамдарын әзірлеу және жасау;

гидрометеорологиялық құбылыстарды, климаттың өзгеруі, жер бетіндегі  
радиациялық ахуалды зерделеу;

Гидрометеорология және табиғи ортаның ластануы жөніндегі республикалық  
деректер қорын жүргізу;

басқа ұйымдардың гидрометеорологиялық бақылаулары мен жұмыстарына,  
сондай-ақ табиғи ортаның ластануын бақылауына, Қазақстан аумағында алған  
деректеріне мемлекеттік сараптама жүргізу;

озон қабатын қорғау саласындағы жұмыстарды ұйымдастыру және үйлестіру,  
Қазақстан Республикасында озонды ыдыратушы заттарды тұтыну мен өндіруді  
реттеу ;

гидрометеорология және табиғи орта мониторингі мәселесі жөніндегі  
заңдардың және заңдық актілердің нормативтік құжаттардың, жобаларын  
Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігімен келісе  
отырып әзірлеу ;

гидрометеорология және табиғи ортаның мониторингі саласындағы  
халықаралық ынтымақтастықты белгіленген тәртіппен жүзеге асыру.

8. Агенттік өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес мынадай функцияларды  
жүзеге асырады :

ғылым мен техниканың ең жаңа жетістіктерінің негізінде табиғи ортаның  
жағдайын бақылаудың мемлекеттік жүйесінің жұмыс істеуі мен оны одан әрі  
дамытуды қамтамасыз етеді;

атмосфераның, жер беті суларының, топырақтың, ауыл шаруашылығы  
дақылдары мен жайылымдардың, жер бетіндегі радиациялық ахуалға жүйелі  
түрде бақылау жүргізеді;

табиғи орта мен климаттың жай-күйіне әртүрлі табиғи факторлар мен  
адамның өндірістік қызметінің әсер етуіне талдау жасайды;

төтенше жағдайлар мен зілзала апаттарына әкеп соғатын зілзалалық  
гидрометеорологиялық құбылыстарды болжаудың әдістерін жетілдіреді;

арнайы өкілеттік берілген органдармен бірлесе отырып, судың сандық және  
сапалық көрсеткіштері бойынша және оларды Қазақстан Республикасына  
арналған біртұтас жүйе бойынша пайдаланудың мемлекеттік есебін, сондай-ақ  
шарттық негізде Мемлекеттік су кадастрын бірлесіп жүргізуді жүзеге асырады;  
шаруашылық шарттары негізінде Қазақстан Республикасының ұйымдарын

гидрометео жабдықтайды, жобалау-іздістеу, ғылыми-зерттеу, тәжірибе-конструкторлық, техникалық жұмыстарды, экологиялық аудит жөніндегі жұмыстарды жүргізеді, сондай-ақ гидрометеорологиялық процестер мен құбылыстарға белсенді әсер ету жөнінде ұсыныстар дайындайды;

мүдделі министрліктермен және ведомстволармен бірлесе отырып, Қазақстан Республикасының шаруашылық кешені салаларына гидрометеорологиялық қызмет көрсету жоспарларын әзірлейді және олардың орындалуын қамтамасыз етеді, гидрометеорологиялық сараптамалардың есебі бойынша құрылыстық жобалауға арналған нормалар мен ережелерді әзірлейді және бекітеді, гидрометеорологиялық өлшеулер мен табиғи ортаның жайын бақылауға арналған аспаптар мен жабдықтардың номенклатурасын айқындайды, осы аспаптар мен жабдықтарға техникалық талаптарды әзірлейді;

табиғи ортаның жай-күйін бақылаудың мемлекеттік жүйесіндегі өлшемдер нәтижелерінің бірлігі мен салыстырмалылығын, Агенттіктің кәсіпорындарының, ұйымдарының және мекемелерінің қызметін метеорологиялық қамтамасыз етудің негізгі қағидаларын, ережелері мен нормаларын стандарттауды қамтамасыз етеді, метеорологиялық бақылауды, метеорологиялық, гидрологиялық, актинометриялық, теңіз гидрометеорологиялық, агрометеорологиялық аспаптар мен құрылғыларды бақылауды, тексеру мен аттестациялауды жүзеге асырады;

өз қызмет аясында ғылыми-техникалық саясатты жүзеге асыруға қатысады; ведомстволық гидрометеорологиялық станциялар мен постарды ұйымдастыру мен таратуды келіседі;

гидрометеорологиялық бақылау материалдарын, сондай-ақ табиғи ортаның жай-күйі туралы деректердің орталықтандырылған есебін жүргізуді, сақтауды және беруді жүзеге асырады;

Қазақстан Республикасының аумағындағы табиғи ортаның жай-күйі, климаттық, агроклиматтық жағдай мен су ресурстары туралы, жерүсті суларының гидрометеорологиялық режимі туралы ғылыми-техникалық және ғылыми-қолданбалы әдебиеттерді дайындауды және басып шығаруды жүзеге асырады;

Агенттіктің басшы, инженерлік-техникалық және басқа да қызметкерлерін даярлауды, қайта даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды ұйымдастырады;

Қазақстан Республикасының аумағында басқа ұйымдар алған гидрометеорологиялық деректердің және табиғи ортаның ластану жағдайы туралы деректердің барлық түрін, сондай-ақ оларда пайдаланылатын гидрометеорологиялық ақпаратқа қатысты кез келген жобаларды сараптамадан өткізеді;

белгіленген тәртіппен халықаралық ұйымдармен байланыс жасауды және ақпарат алмасуды жүзеге асырады, олармен өз құзыретіне жататын мәселелер бойынша шарттар жасасады, министрліктердің және ведомстволардың гидрометеорология және табиғи ортаның мониторингі мәселелері жөніндегі қызметін үйлестіреді.

9. Агенттік өзіне жүктелген міндеттерді орындау барысында мыналарға: өз құзыреті шегінде орындалуы міндетті нұсқаулар беруге; өз құзыреті шегінде мемлекет меншігіндегі мүлікке иелік етуді, оны пайдалануды және оған билік етуді жүзеге асыруға;

Қазақстан Республикасы шаруашылық кешенінің салалары, кәсіпорындар мен ұйымдар үшін тапсырысшының есебінен шарттық негізде белгіленген тәртіппен жұмыстар атқаруға;

республикалық және жергілікті бюджеттер, шетел инвестициялары мен гранттары есебінен қаржыландырылатын гидрометеорология және табиғи орта мониторингі саласында ғылыми-зерттеу, жобалау-іздістіру және басқа да кешенді сипаттағы жұмыстарға мемлекеттік тапсырысшы болуға;

тиісті органдармен келісе отырып, белгіленген тәртіппен өзінің гидрометеорологиялық өнімдеріне баға прејскуранттарын әзірлеуге және бекітуге;

министрліктердің және ведомстволардың, ұйымдардың тиісті бөлімшелері үшін міндетті гидрометеорология және табиғи ортаның жай-күйін бақылау саласында жұмыстар жүргізу жөніндегі ережелерді техникалық және әдістемелік нұсқауларды, сондай-ақ бақылаулардың нәтижелері мен техникалық есептілікті ұсынудың нысандары мен тәртібін белгіленген тәртіппен бекітуге;

жүктелген міндеттерді шешу үшін және тұтастай алғанда салада және жеке кәсіпорынның өндірістік қызметінде гидрометеорологиялық ақпаратты пайдаланудың тиімділігін бағалау үшін министрліктер мен ведомстволардың бөлімшелерінен, ұйымдардан қажетті материалдарды алуға;

күтілетін зілзалалық апатты гидрометеорологиялық құбылыстар және ауа райының күрт өзгерістері туралы хабарлау тәртібін министрліктермен, ведомстволармен және облыстар және астана әкімдерімен келісуге;

министрліктермен, ведомстволармен және облыстар және астана әкімдерімен бірлесе отырып, зілзалалық гидрометеорологиялық құбылыстардың және табиғи ортаның гидрометеорологиялық факторлардан болған басқа да өзгерістерінің зардаптарын зерттеуге қатысуға;

өзіне ведомстволық бағынысты ұйымдар мен мекемелерді құру, тарату және қайта құру туралы ұсыныстар енгізуге, олардың ережелерін (жарғыларын) бекітуге, мемлекеттік меншікті пайдалануға байланысты оларға қатысты құқықтарды жүзеге асыруға;

гидрометеорология және табиғи ортаның жай-күйін бақылау саласындағы проблемаларға орай консультациялар алу, оларды зерттеу және шешу үшін ғалымдарды, мамандар мен сарапшыларды тартуға;

Агенттіктің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша кеңестер, семинарлар, конференциялар және халықаралық симпозиумдар өткізуге;

белгіленген тәртіп бойынша мемлекеттік органдардан, ұйымдардан және лауазымды адамдар мен азаматтардан ақпараттарды сұратуға және алуға;

қолданылып жүрген заңдарға сәйкес басқа да өкілеттіктерді пайдалануға  
қ ұ қ ы л ы .

10. Агенттік өзіне жүктелген міндеттерді Қазақстан Республикасының мүдделі министрліктерімен, ведомстволарымен, облыс және астана әкімдерімен бірлесе отырып, белгіленген тәртіп бойынша шешеді.

11. Агенттік мерзімді және жылдық жиынтық қаржылық есеп жасайды және оны тиісті мемлекеттік органдарға ұсынады.

### III. Қызметін ұйымдастыру

12. Агенттікті Экология және биоресурстар министрлігінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын Директор басқарады.

Агенттік Директорының Директордың ұсынуы бойынша Министр қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын орынбасары болады.

13. Агенттіктің директоры Агенттік жұмысын ұйымдастырады және оған басшылықты жүзеге асырады. Агенттік жүктелген міндеттердің орындалуы мен оның өз функцияларын жүзеге асыруы үшін жеке жауап береді.

14. Осы мақсатта Агенттіктің Директоры:  
өзінің орынбасары мен бөлімше басшыларының міндеттері мен жауапкершілік дәрежесін белгілейді;

Агенттіктің қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен б о с а т а д ы ;

тәртіптік жаза қолданады;

өз құзыретінің шегінде бұйрықтар шығарады, нұсқаулар береді, Агенттікке ведомстволық бағынысты ұйымдардың құрылымын және штат санын, сондай-ақ олар туралы ережелерді бекітеді;

Агенттіктің қарауындағы ұйымдардың жұмысын ұйымдастырады және ү й л е с т і р е д і ;

өз құзыреті шегінде қолданылып жүрген заңдарға сәйкес мемлекеттік органдар мен ұйымдарда Агенттіктің мүддесін білдіреді;

өз құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер бойынша шешімдер қ а б ы л д а й д ы .

15. Гидрометеорологиялық бақылаулар мен табиғи ортаның жай-күйін бақылау жөніндегі жұмыстардың негізгі әдістемелік мәселелерін, ғылыми-зерттеу жұмыстарының жоспарлары мен нәтижелерін қарау үшін, режимдік анықтамалықтар, шолулар мен сала проблемаларына байланысты басқа да басылымдарды тұжырымдау мен басып шығару үшін Агенттіктің жанынан ғылыми-техникалық кеңес құрылады. Агенттік Директоры кеңестің төрағасы болады.

Ғылыми-техникалық кеңестің құрамы және қызметі оған сәйкес жүзеге асырылатын ережені Агенттіктің директоры бекітеді.

16. Агенттікті тарату және қайта ұйымдастыру заңдарда белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1997 жылғы 5 тамыздағы  
№ 1216 қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасы Экология және биоресурстар  
министрлігінің Гидрометеорология және табиғи орта  
мониторингі жөніндегі агенттігінің  
қарауындағы ұйымдардың

ТІЗБЕСІ

Ауа райы бюросы, Алматы қаласы  
Біріккен мамандандырылған орталық, Алматы қаласы  
Қазақстан қоршаған орта мониторингі және климат ғылыми-зерттеу  
институты, Алматы қаласы  
Гидрометеорология және табиғи орта мониторингі жөніндегі Алматы  
облыстық орталығы, Алматы қаласы  
Гидрометеорология және табиғи орта мониторингі жөніндегі Ақмола  
облыстық орталығы, Ақмола қаласы  
Гидрометеорология және табиғи орта мониторингі жөніндегі Ақтөбе  
облыстық орталығы, Ақтөбе қаласы  
Гидрометеорология және табиғи орта мониторингі жөніндегі Атырау  
облыстық орталығы, Атырау қаласы  
Гидрометеорология және табиғи орта мониторингі жөніндегі Шығыс  
Қазақстан облыстық орталығы, Өскемен қаласы  
Гидрометеорология және табиғи орта мониторингі жөніндегі Жамбыл  
облыстық орталығы, Тараз қаласы  
Гидрометеорология және табиғи орта мониторингі жөніндегі Батыс Қазақстан  
облыстық орталығы, Орал қаласы

Гидрометеорология және табиғи орта мониторингі жөніндегі Қарағанды облыстық орталығы, Қарағанды қаласы

Гидрометеорология және табиғи орта мониторингі жөніндегі Қостанай облыстық орталығы, Қостанай қаласы

Гидрометеорология және табиғи орта мониторингі жөніндегі Қызылорда облыстық орталығы, Қызылорда қаласы

Гидрометеорология және табиғи орта мониторингі жөніндегі Маңғыстау облыстық орталығы, Ақтау қаласы

Гидрометеорология және табиғи орта мониторингі жөніндегі Павлодар облыстық орталығы, Павлодар қаласы

Гидрометеорология және табиғи орта мониторингі жөніндегі Солтүстік Қазақстан облыстық орталығы, Петропавл қаласы

Гидрометеорология және табиғи орта мониторингі жөніндегі Оңтүстік Қазақстан облыстық орталығы, Шымкент қаласы

Өнеркәсіпті гидрометеорологиялық қамтамасыз ету басқармасы, Алматы қаласы (өз қаражаты есебінен)

Эксперименттік жөндеу-өндірістік кәсіпорны, Алматы қаласы (өз қаражаты есебінен)

Каспий өңірі ғылыми-өндірістік орталығы, Атырау қаласы (өз қаражаты есебінен)

Авиацияны метеорологиялық қамтамасыз ету басқармасы, Алматы қаласы (өз қаражаты есебінен)